


#QAZAQSTAN


Қара жамылған әйел





Діни фанатизм мен өзге көзқарасқа төзбеушілік – адамның рухани көкжиегін тарылтып, жүректегі жылулықты өшіретін дерт. Ал шынайы имандылық – өзге адамды түсіне білу және мейіріммен қарау. Діннің миссиясы да адам мен адамды алыстату емес, керісінше жақындастыру.







Ата,
ол неге жауап
бермеді?

Балам, діни киім кигеннің
бәрі тәрбиелі бола бермейді.
Киім – сыртқы көрініс қана,
ал адамның шын жүрегі мен
мінезі оның ісінен білінеді...

Біздің ата-бабаларымыз
жастарына және әлеуметтік
мәртебесіне сәйкес әдемі де ыңғайлы
киім киген. Енді тыңда, балам, саған
бәрін егжей-тегжейлі айтып беремін.
Ең бірінші тақиядан бастайық.





Тақияны кішкентай қыздар да,
жас бойжеткендер де киген.




Тақия – жай ғана бас киім емес,
жастықтың, сұлулықтың және ұлттық
мақтаныштың символы.





Ал көйлек
әйелді жеңіл,
сымбатты етіп
көрсетеді.
Ол - әрдайым
ұлттық
болмысымыздың
нышаны.





Бешпент әйелдің
нәзіктігі мен
тектілігін
айқындайды,
оны көйлектің
сыртынан киген.



Сәукеле — жаңа
отбасылық өмірге
қадам басудың
СИМВОЛЫ.





Жаулық – тазалық пен
жаңа жауапкершіліктің
белгісі.



Жаулық – тұрмыстағы
әйелдердің бас киімі.
Жас келіндер ашық түсті,
әшекейленген жаулықтар
таққан, бұл олардың
отбасындағы мәртебесін
білдірген. Жаулық – әйел
адамның ошақ иесі,
шаңырақтың шырақшысы
екенін көрсетеді.



Кимешекті өмірлік
тәжірибесі мол әйелдер
киген. Бұл — ересек және
жасы үлкен әйелдердің
бас киімі. Жас әйелдердің
кимешегі көркемдеу, сәнді
болса, үлкен кісілердікі
қарапайым болған.




Шапанды атақты
әрі сыйлы әйелдер
киген. Осы
киімдерді әртүрлі
асыл тастармен,
ою-өрнектермен
безендірген.



Ою-өрнектер —
ата-
бабаларымыздың
тілі, сақталған
хабарламасы.





Гүл – сұлулық пен
нәзіктіктің символы.
Әйел киіміндегі осы
өрнек әсемдік пен
сымбаттылықты
айқындайды.



Ай – жарық пен
үміттің символы.
Киімдегі бұл өрнек
тіпті қараңғы уақытта
да жарыққа апаратын
жол бар екенін еске
салады.










Ал бүгінгі күні осы
өрнектер неге
айналды? Қазірге
үңіліп көрейік...

Киім — жай мата
ғана емес, ол халықтың
тарихы. Тарих пен
дәстүрді сақтау — өзіңнің
жаныңды сақтаумен тең.






Ал неге жаңағы
әйел толықтай
қара киім киген,
тіпті өрнегі де
жоқ? Неге ол
сәлеміме жауап
қатпады?

Еске сақта, балам,
құрмет — бұл тек
сыртқы көрініс
емес, іс-әрекет.
Маңыздысы -
киімің ғана емес,
ішкі шуағың.

Қара киімді
әйелдің киімі
бәрін, тіпті жеке
тұлғасын да,
тұмшалайды. Ал
оюдың болмауы
— тарихтың
жоқтығы, сәлем
бермеуі — өзгені
көргісі келмеуі.
Ол үшін сен бөтен
адамсың.



Балам,
басқаларға
ұқсауға
тырыспа,
өйтпесе өзіңді
жоғалтып
алуың мүмкін.





БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ



instagram



web-site

Алматы облысы Дін істері
басқармасының тапсырысы аясында әзірленді